

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 18 мамырдағы № 98 қаулысы. Қостанай облысының Эділет департаментінде 2021 жылғы 20 мамырда № 9918 болып тіркелді

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 29.01.2025 № 11 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 139-бабы 9-тармағына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 29.01.2025 № 11 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Аудан әкімдігінің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2020 жылғы 3 ақпандағы № 17 қаулысы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8972 болып тіркелген, күші жойылды деп танылсын.

3. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Муржакупов

Әкімдіктің

2021 жылғы 18 мамырдағы

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 29.01.2025 № 11 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

**1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:**

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
- 3) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

**2. Мәдениет мамандарының лауазымдары:**

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның концерттік зал менгерушісі (басшысы);
- 4) музикалық жетекші;
- 5) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
- 6) хореограф;
- 7) дыбыс режиссері;
- 8) режиссер;
- 9) қоюшы режиссер;
- 10) аккомпаниатор;
- 11) концертмейстр;
- 12) мәдени ұйымдастыруышы (негізгі қызметтер);
- 13) кітапханаши;
- 14) библиограф;
- 15) редактор (негізгі қызметтер);
- 16) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);
- 17) қазақ, ағылшын тілдер мұғалімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК